

Менің

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

УНИВЕРСИТЕТИМ

*Құрметті ұстаздар мен
қадірлі студенттер!*



Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Наурыз – жыл басы, күн мен түннің теңелер шағы. Ұлы мереке – Өз-Наурыз ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – барлық қазақстандықтар үшін береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың символына айналды,

жалпыхалықтық сүйікті мерекеге ұласты.

Наурыз күні ойға алған арман-мұраттарыңыз орындалып, Ұлыстың ұлы күні дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық әкелсін! Ақ мол, жыл ырысты болсын! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ағайын!

*Ізгі тілекпен,
Ректор - А.Күрішбаев*

*Оятып шың мен ақарды.
Ерітіп мұз бен ақ қарды.
Жұрландырған даланы
Наурыз көктем басталды.*

Наурыз құтты болсын!



«Құрметті профессор» атағы берілді

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Ғылыми кеңес отырысы өтті. Жиын барысында «Байсерке-Агро» агроөнеркәсіп холдингінің басшысы Темірхан Мыңайдарұлы Досмұхамбетовке «Құрметті профессор» академиялық атағы берілді.

Республиканская олимпиада «Триединство языков «KazATU-Polympic»



Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина состоялась предметная Республиканская олимпиада «Триединство языков «KazATU-Polympic» (Kazatu polilinguistic olympiad/intercultural communication) среди студентов 1, 2 курсов неязыковых специальностей, посвященная 60-летнему юбилею КазАТУ. В мероприятии приняли участие Региональный сотрудник по окружающей среде, науке, технике и

здравоохранению в Центральной Азии посольства США Робин Мак Качен, Атташе по научному и техническому сотрудничеству посольства Франции в Казахстане г-н Тома Юэт, Директор французского Альянса г.Астаны Д. Оразбаева, Региональный представитель DAAD, Германия, Сандра Браун, представители и студенты 12 вузов Казахстана.

Заместитель председателя Правления Могильный С.В. во вступительном слове кратко рассказал о сотрудничестве университета с зарубежными вузами-партнерами и пожелал всем участникам успехов. Кусаинова Ж.А., проректор по воспитательной работе, отметила важность изучения английского языка. Мак Качен и Тома Юэт поблагодарили за приглашение и отметили высокое знание студентами иностранных языков.

В состав комиссии вошли Мэтью Бэннет, преподаватель английского языка Университета Аделаида Австралии; Асим Есен, почетный профессор института Вирджинии, США; Аннемари Вольбринг, Университет Потсдам, Германия; Зура Мажит, доцент института дипломатии Академии государственного управления при Президенте РК.

Олимпиада прошла в два тура: I - лексико-грамматическое тестирование на трех языках, II – Speaking, выступление по предложенной теме.

Победители и призеры студенты КазАТУ: *Немецкий язык* - I место заняли Калиева Э. и Олинеевич А., II место - Нургалиева Б., III место - Сарсенбаев Н. и Турсынбекова А. *Французский язык* - I место занял Балтабек М., II место - Торекбек Ж. и Алмат А., III место - Каирова А. и Жумақанова К. *Английский язык* - II место занял Жанкелди А.



Мерейлі мерейтой

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Халықаралық жоғары ғылым мектебі академиясының академигі, ҚР білім беру саласының құрметті қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бекен Өкенұлы Әлімжановтың 70 жылдық мерейтойын атап өтуге арналған Ғылыми кеңес өтті.

Салтанатты жиынды өзінің құттықтау сөзімен ашқан Басқарма төрағасы А.Қ.Күрішбаев Бекен Өкенұлының жоғары оқу орнына сіңірген еңбегіне тоқталып, жеткен жетістіктерін атап өтті. Мерейтой иесін 70 жылдық торқалы тойымен құттықтай отырып, сөз кезегін университеттің бірінші проректоры А.М.Әбдіровке берді.

Ол баяндамасында жиынға қатысушыларды Б.Ө.Әлімжановтың өмір жолымен таныстырып, мерейтой иесіне зор денсаулық, қажымас қайрат, бақытты ғұмыр тіледі.

ҚР Парламент Мәжілісі атынан сөз сөйлеген Ж.Қ.Дүйсебаев Бекен Өкенұлының қоғамдық қызметі мен қайраткерлік істерін еске алса, университет түлегі, «Родина» агрофирмасының бас директоры, Қазақстанның Еңбек Ері И.А.Сауэр мерейтой иесінің ұстаздық еңбегін ерекше бағалап, іскерлік қабілетін айрықша атап өтті. Оқу орны жанынан құрылған «Түлектер клубының» негізін салушы бүгінгі мерейтой иесі екендігі айтылды.

Іс-шара барысында мерейтой иесіне университет атынан Құрмет грамотасы мен Мәскеу ауылшаруашылық академиясының Е.Ф.Лискун атындағы медалі тапсырылып, кітаптар мен гүл шоқтары сыйға тартылды.



Визит Посла Японии в РК в КазАТУ



Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина посетил Чрезвычайный и полномочный Посол Японии в РК г-н Кавабата Итиро и 3-ий Секретарь Посольства Японии в РК г-н Таканаси Сатору. Делегацию приняли Председатель Правления Куришбаев А.К. и директор ЦРМСиПАО Мейрамова С.А.

Председатель Правления Куришбаев А.К. в приветственном слове кратко ознакомил с деятельностью университета и результатом сотрудничества КазАТУ с образовательными учреждениями Японии, отметил, что сегодня Казахстан и Япония развивают все более крепкие взаимовыгодные связи, что вуз успешно сотрудничает с Посольством Японии в РК. Так, несколько преподавателей приняли участие в разных международных программах посольства Японии в РК, в программе ЛКА.

В ходе визита делегация посетила НИИ биотехнологии и ознакомилась с работой лабораторий. Также была достигнута договоренность о создании совместного центра по направлениям биобезопасности, аквакультуры и информационных технологий при использовании в сельском хозяйстве.

Чрезвычайный и полномочный Посол Японии в РК г-н Кавабата Итиро отметил, что отношения между КазАТУ и Посольством Японии будут продолжать развиваться в духе взаимовыгодного сотрудничества и конструктивного диалога, представил информацию о стипендиальных программах МЕХТ Посольства Японии в РК и призвал обучающихся вуза принять активное участие в данных программах. По окончанию встречи Стороны обменялись памятными подарками.





Аскарова Альфия Жанбековна - декан факультета КСиПО

Сколько лет Вы работаете в КазАТУ? Как начиналась Ваша трудовая деятельность?

Свою трудовую деятельность в нашем университете в качестве ассистента кафедры Высшей математики. Моим наставником был доцент Такабаев К.К., который и в настоящее время очень сильно поддерживает и дает свои мудрые советы.

За 25 лет я прошла путь от ассистента кафедры до декана факультета. На каждой ступени есть свои сложности и трудности, но вместе с коллективом мы стараемся слаженно решать поставленные перед нами задачи и движемся вперед.

Каков спектр образовательных услуг на сегодняшний день в университете? Практикуется ли метод зарубежных ВУЗов во время планирования учебной программы?

На сегодняшний день факультет КСиПО ведет подготовку по трем специальностям бакалавриата и магистратуры, и докторантуры по специальности «Профессиональное обучение». С 2015 года в программу подготовки бакалавров и магистрантов были включены элементы дуального обучения.

В нынешнем учебном году впервые был проведен вступительный экзамен совместно с учеными из университета Милан.

Каковы достижения Вашего коллектива в преддверии 60-летия КазАТУ? Какие мероприятия планируются провести к юбилею вуза?

В преддверии 60-летия факультет планирует организовать цикл встреч студентов факультета с ветеранами кафедр и выпускниками, эссе по теме «Роль и место педагога профессионального образования в подготовке современного специалиста», предметные олимпиады и тематические кураторские часы. ППС кафедры ИКТ планирует передать в подарок изданные с грифом МОН РК (2016 г.) учебные пособия «Есептегіш және микропроцессорлық техника негіздері», «Бағдаламалау тілдері» в библиотеку университета.

Аубакирова Хадиша Алькеевна - декан гуманитарного факультета

Сколько лет Вы работаете в КазАТУ? Как начиналась Ваша трудовая деятельность?

Моя трудовая деятельность началась в 1996 году на кафедре истории Казахстана. После окончания исторического факультета ЕНУ им.Л.Гумилева была принята на должность преподавателя данной кафедры. С 2003 г. работала и.о. заведующей кафедрой, в 2004-2013 гг. – заведующая кафедрой истории Казахстана. С 2013 года работаю в должности декана гуманитарного факультета.



Каков спектр образовательных услуг на сегодняшний день в университете? Практикуется ли метод зарубежных ВУЗов во время планирования учебной программы?

Преподавательский состав нашего факультета стремится к созданию оптимальных условий для полноценного раскрытия духовных устремлений студентов, их творческих способностей, для формирования гражданской позиции, социально значимых ценностей, гражданских и профессиональных качеств, ответственности за принятие решений.

В своей работе ППС факультета нацелен на совершенствование учебного процесса посредством использования новых образовательных технологий, современных научных подходов.

Каковы достижения Вашего коллектива в преддверии 60-летия КазАТУ? Какие мероприятия планируются провести к юбилею вуза?

К 60-летию юбилею вуза коллективом факультета планируется проведение ряда мероприятий: круглые столы, встречи с видными учеными, выпускниками и общественными деятелями страны, интеллектуальные игры со студентами, брейн-ринги.

Екі сауал

«Менің университетім» газетінің редакциясы студент жастармен жұмыс жасау барысында олардың аталмыш оқу орынын не себепті тандағандары туралы және Наурыз мейрамы жайында сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама барысында біршама жауаптар келіп түсті. Солардың арасынан бірнешеуін газет бетіне жолдағанды жөн көріп отырмыз.

1. Сіз неліктен ҚазАТУ-ды таңдадыңыз?
2. Наурыз мейрамы несімен ерекше?

Аманжол Дастан – Техникалық факультеттің
2 - курс студенті



1. Мен ең алдымен барша қауымды университетіміздің 60 жылдық мерейлі мерекесімен құттықтағым келеді. Университетіміз Қазақстанның ғана емес әлемнің алдыңғы қатарлы білім ордаларымен терезесін теңестіретіне кәміл сенемін.

Мен тек Астана қаласында білім алуды мақсат еттім. Осылайша Астанаға келгеннен кейін бірнеше жоғары оқу орындарын аралап, танысып шықтым. Солардың ішінде маған осы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті ұнады. Құжаттарымды өткізіп, емтихан тапсырдым. Бірақ ақылы оқуға қабылдандым. Алғашқыда аздап жатсынғаным рас, дегенмен уақыт өте келе қателеспегеніме көзім жетті. Бүгінде С.Сейфуллин атындағы университеттен ауысып басқаға бар, ақысын төлеймін десе де өзімнің білім ордамды тастамаймын. Себебі, мен өз университетімді мақтан тұтамын.

2. Бала күнімізден естіп жүрген сөзіміз 22-наурыз күні, күн мен түн теңеледі. Жыл сайын осы күні анам үйді тазалап, ерекше етіп дастархан даярлайтын. Анама көмектесіп біз де мәре-сәре болатынбыз. Осы күні дастарханға маған таңсық болған дәмдер қойылып, түрлі тәттілерге тоятын едік. Бүгінде осының барлығы ұлтымыздың салты мен дәстүрі екенін көріп-біліп отырмыз. Біз де осы наурыз мерекесін жыл сайын мерекелеуге ат салысамыз.

Мейрамбекова Назерке Нұрланқызы
Сәулет өнері факультетінің 2 - курс студенті

1. Мен С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетін бала күнімнен білемін. Себебі менің үйім осы ауданда орналасқан. Бала күнімде оқу орынының бас ғимаратына кіріп-шығып жатқан жас жігіттер мен қыздарды, ағайлар мен тәтелерді көріп қатты қызығатынмын. Сол кезде осында білім алсам, ішін аралап көрсем екен деп армандап жүретін едім. Кейін есейіп, мектепті бітірген соң еш ойланбастан өзімнің бала күнгі арманымда орындауды мақсат етіп, ешқайда бұрылмастан осы білім ордасына құжаттарымды тапсырдым. Өз университетімді мақтан тұтам.

2. Наурыз мейрамы төрт түлік мал төлдейтін, күн мен түн теңеліп, Самарханның көк тасы еритін күн. Мен үшін бұл мереке жаңа бақыт пен жаңашылдықтың мерекесі. Наурыз мейрамы қарсаңында Амал мерекесі де тойланады. Амал күні барша жұрт бір-бірімен көрісіп, үлкені кішіге кішісі үлкенге сәлем беріп, қол алысып қауышатын мейрам. Мейрамдар қарсаңында адамдар бір-біріне деген өкпе ренінішін ұмытып, достасатын күн. Осы жылы да мен дәстүрге сай көңілмен барлық ренішімді ұмытуға тырысып жүрмін.





Серік Есенбол
Ветеринария және мал шаруашылығы
технологиясы факультетінің
1-курс студенті

Студенттік өмірдің бастауы

Мойнымыздағы ауыр жүктердің бірі жеңілдегендей болып, кейбіреуіміз ҰБТ, кейбіреуіміз КТА-ны жақсы нәтижемен тапсырып, өзіміз қалаған, аңсаған мамандықтарымызға, жоғары оқу орнына қадам бастық. Қызық қуған балалығымыз артта қалып, өміріміздің жаңа бір тың парағы ашылды.

Студенттік өмір деген, меніңше – игі өмірдің бастамасы. Біз 60 жылдық тарихы бар, еліміз бойынша алдыңғы қатарда тұрған Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне оқуға түскенімізді мақтаныш етеміз. Жаңадан келген бірінші курс студенттері үшін университет қабырғасындағы әр күніміз қызыққа толы. Өткенде «Рио» олимпиадасында еліміздің намысын қорғап, көк туымызды Рио аспанында желбіреткен, қазақтың батыр ұлы, университетіміздің төл түлегі – Данияр ағамызбен кездестік. Мұның өзі – студент қауымы үшін үлкен мәртебе. Болашақта да талай мықты ағалармен кездесемін деп ойлаймын. Ол үшін қолтаңба алатын қойын дәптер де әзірлеп алдым.

Ал мен өзім болсам туған ел, туған жерді аңсап, арман қуып сонау Қытай елінен келгенмін. Қазір Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің «Ветеринарлық медицина» мамандығының 1-курсанда оқимын. Тобымызда еліміздің әр өңірінен келген 24 студент бар. Бәріміз өте тату-тәтті, бір үйдің баласындай ынтымақтамыз. Қазірден бастап болашағымыздың іргетасын қалап, студенттік өмірге үйірлесе бастадық.

Біздер үшін бұл университетте барлық жағдай жасалған. Сапалы білім, ғылыми өресі жоғары, тәжерибелі аға ұстаздар, түрлі техникалық білім берудің тың жабдықтары – бәрі-бәрі тек білім алатын біздер үшін.

Біздің ендігі міндетіміз – Абай атамыз: «...Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан» дегендейін жаңа ортада, жаңа сабақтастармен, жаңа ұстаздармен береке бірлікте бола отырып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, алдағы биік биік асулардан қол ұстасып, сүрінбей өту. Студенттік күндер – өміріміздегі ең бір есте қаларлық шақ. Студенттік өмірде біз тек өз мамандығымызды үйреніп қалмастан, өзімізде бар артықшылықтарымызды сәулелендіре білуіміз керек. Әрбір адам аңсаған мұратына, көздеген мақсатына жету үшін тынбай іздену, жалықпай үйрену қажет. Тәуелсіз Отанымыз Қазақстанның үміт күткен жастары – біз. Сол себептен де, әр қадамымызды нық та дұрыс басып, Отанымыз, ұлтымыз үшін тер төгуіміз керек!

Бауыржан Күнбаев Жерге орналастыру факультетінің
1-курс студенті

Қырандай қағып қанатын...

Сонау алыс ауылдан, арман қуып қалаға,
 Білім алу парыз деп кұйып алған санаға.
 Жарқырайды жаңа жол, тұрған түзу сызықтан,
 Студенттік өмір бұл, тұнып тұрған қызыққа.
 Аңқылдаған жас көңіл, үміттермен боялған,
 Мүлгіп кетсе арманым шырт ұйқыдан оятқан.
 Болашағым жарық тым, қайталанбас бұл кезең
 Жастық жақтың уақыты, шаққа толы дүрбелең.



Жатақхана – жаңа үй, жаңа достар – бауырың.
 Баласындай бір үйдің студенттер қауымым.
 Туған өлке ауылдың бар үмітін арқалап
 Жалындаған жас жүрек – бір мақсатым, бір талап...
 Арман қуып үмітпен биік-биік шыңдарға,
 Барлығыда бір бағыт, білімменен шындалған.
 Таза мөлдір арман мен тұнып тұрған мақсатым,
 Тоқтап қалмай әрдайым армандарым асқақ тым.
 Оқу ордаң – бір әлем, білімменен нәр берген,
 Шөлдегендер білімге сол әлемнен әлденген.
 Бізде жарқын болашақ, алда әлі бағдар көп
 Сенім артқан жастардың болашағы жарқын боп.
 Студенттер – бүгінгі келер күннің жалғасы
 Кім біледі ол әкім, болар бәлкім елбасы.
 Көрінеді шоқ жұлдыз, көкте тұрған көп арман –
 Жастық оты жалындап білінеді жанардан.

**Ветеринария және мал шаруашылығы
 технологиясы факультетінің 1 - курс студенті Келбет Бауыржанқызы**

Сағынышқа ХАТМ

Сағыныш. Осы сөзді жиі естіп жүрсем де жанымды жылытады. Кейде тіпті алай-дүлей боран етіп тастайды. Білмеймін, қайдан шығады, неден туындайды? Адам баласын түңіліп тіпті өмірден жалықтырып жіберетін дүние де осы сағыныш сезімі-ме деп ойлаймын.

Адамдар, балалық шаққа сағыныш, жастық кезге сағыныш, студенттік өмірге сағыныш, махаббатқа, алыстағы ағайынға, ата-анаға тіпті өмірден озған жандарға да сағынышын жеткізіп жатады. Сағыныш деген меніңше адамның жадында сақталып, қайта елеске айналатын ойлардың жиынтығы. Кейде сол бір сағынышты сеземенді жаныңдағы бәз біреуге айтасың. Бірақ оның сезімі дәл сенікіндей болып шықпаған соң, келесіде реті де келмейтінін түсінесің. Сол себепті мен үшін көп ашылмайтын сырлардың бірі - осы САҒЫНЫШ. Әрине, әркімнің өз сағынышы бар. Тіпті олардың қалай, және қайтып сағынатынын мен білмеймін. Тек білетінім, сол сағыныштар ешкімге ашылмайды.

Менің жан дүниемді қозғап, кейде өлеңге да арқау болатын мендегі сағыныштың себепшісі кенже сіңілім Мерей. Оның сыңғыр күлкісі, тәтті қылығы, маған қараған мөлдір көздері тым сүйкімді. Кейде екеуіміз үйде асыр салып ойнаймыз. Бір-бірімізді қуалап, еліктің лағындай асыр саламыз. Ол кейде томсырайып ренжіп қалады. Оның реніші тіпті тұла бойынан байқалып тұратын. Артынша барып жұбатып, қолымдағыны бере салатынымын. Ол дереу күлімдеп шыға келеді. Кейде өз істегенін өзіне қайталап, ренжи саламын. Тым көңілшек балапан өзінше мені жұбатып әлекке түседі. Жұбанған болып құшақтап аламын. Сіңілімді тағы да құшақтар едім бірақ Мерей енді жоқ...



Университет жайындағы тың дерек

Біздің университет ғимараты алдында тұрған Сәкен Сейфуллиннің ескерткішін жасау үшін Мәскеуден арнайы мүсінші шақыртылған екен. Бүгінгі таңда «Жергілікті маңызы бар тарихи ескерткіш» атанып, мемлекеттік қорғауға алынған тарихи нысанның алғашқы нұсқасын жасаған мүсінші – Юрий Петрович Буштрук. Ескерткіш авторы жайында қызықты материалды басылымның келесі санынан оқи аласыздар.



Жаши юбиляры

Черненко В.Г. - Профессор, д.н. 02.04.1937 г.
Абдрахманов А.Б. - Доцент, к.н. 28.04.1942 г.
Приходько А.Е. - Доцент, 30.04.1947 г.
Надыров А.Л. Доцент, к.н. 18.04.1947 г.
Агайдарова Б.К. Лаборант-делопроизводитель, 05.04.1957 г.
Исмаилова А.А. Профессор, д.н. 29.04.1957 г.
Ахметова Н.З. Старший преподаватель, 14.04.1967 г.
Бекенова Ш.Ш. Старший преподаватель, к.н. 17.04.1967 г.
Садыкова Ж.М. Старший преподаватель, к.н. 22.04.1967 г.
Каиржанов А.С. Преподаватель. 24.04.1967 г.



*Поздравляем вас с юбилеем!
 От всей души желаем вам крепкого здоровья,
 творческого долголетия, счастья,
 добра и благополучия, новых добрых дел и
 интересных плодотворных идей!*

*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.
 Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
 16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының директоры - Б. Иманғалиев,
 шығарушы редакторы - Ж. Естекбаева, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,
 редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,
 Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.
 Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.*